


Бекітемін

Мәртөк ауданы №6 «Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі А.Б.Дабыева



Келісемін:

Мәртөк ауданы №6 «Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасының әдіскері У.Е. Бакытова

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА «АЙГОЛЕК» КІШІ ТОБЫНЫҢ
«МУЗЫКА» ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

2024– 2025 оқу жылында «Айгөлек» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – I жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
Қыркүйек	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды.
Қазан	Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.	Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер).
қараша	Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.	Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады.
Желтоқсан	Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру.	Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады.
Қантар	Музыка	Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.	Әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге).
Ақпан	Музыка	Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.	Музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ); бұрын естіген әндерді таниды.
наурыз	Музыка	Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.	Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады).
сәуір	Музыка	Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.	Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады).

		Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (канатын жайып ұшқан құстар). ойындар мен әндерді сахналау	
мамыр	Музыка	Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.	Музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.